

**"Оңалту және банкроттық саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 469 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 38 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1342 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 139 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 30 желтоқсанда № 31500 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бірлескен бұйрық 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі**

**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Оңалту және банкроттық саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 469 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 38 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20614 болып тіркелген) бірлескен бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 5-тармағына, сондай-ақ "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларының 4-тармағына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес оңалту және банкроттық саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес оңалту туралы істі сотта қарау кезеңінде уақытша әкімшіге қатысты Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес оңалту рәсімін жүргізу кезеңінде оңалтуды басқарушыға (оңалтуды басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыратын тұлға) қатысты Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес банкроттық туралы істі сотта қарау және банкроттық рәсімі кезеңінде уақытша басқарушыға қатысты Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде банкроттықты басқарушыға қатысты Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы бекітілсін.";

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі*

*А. Куантыров*

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрінің міндетін атқарушы*

*Е. Биржанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының Құқықтық  
статистика және арнайы есепке  
алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2022 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 139 мен  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрінің міндетін  
атқарушы  
2022 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1342 Бірлескен бұйрыққа  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы 11 мамырдағы  
№ 469 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2020 жылғы 11 мамырдағы  
№ 38 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## **Оңалту және банкроттық саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Оңалту және банкроттық саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабы 5-тармағына, "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабының 2-тармағына, сондай-ақ "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларының 4-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттар бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін оларды іріктеу мақсатында бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне (жоғары, орта және төмен) жатқызу үшін әзірленген.

3. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі – уақытша әкімші, оңалтуды (оңалтуды басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыратын тұлға), уақытша және банкроттықты басқарушылар;

2) болмашы бұзушылықтар – жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүдделері мен құқықтарының бұзылуына апарып соқпайтын, бақылау субъектісімен уәкілетті органға оңалту рәсімінің немесе банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ағымдағы ақпарат ұсыну бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген талаптарды бұзу;

3) елеулі бұзушылықтар – жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүдделері мен құқықтарының бұзылуына апарып соғатын, оңалту рәсімі мен банкроттық рәсімінің мақсаттарына қол жеткізбеу бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген талаптарды бұзу;

4) өрескел бұзушылықтар – бақылау субъектісіне қатысты сотқа дейінгі тергеудің не мерзімі бұзылған сотқа дейінгі тергеудің болуы, бақылау субъектісінің әрекеттерінің /әрекетсіздігінің заңсыздығын растайтын сот актілерінің болуы, жойылуы мүмкін емес Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген талаптар бұзушылығының болуы, бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жоймауы, сондай-ақ кредиторлардың Заңмен белгіленген құқықтары бұзушылығының болуы;

5) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің қызметіне, салалық дамуға және оған ықпал ететін факторларға тікелей байланысты бақылау субъектілерін түрлі тәуекел дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі - объективті өлшемшарттар) – оңалту және банкроттық саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі - субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі;

10) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі.

4. Нақты бақылау субъектісіне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау, осы бақылаудың алдындағы жылы аталған бақылау субъектісіне қатысты Кодекстің 131-бабының 5-тармағына және 144-1-бабына сәйкес бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жасалған жағдайда жүргізіледі

5. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудың жиілігі жоғары және орташа тәуекел дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты жүргізілген талдау нәтижелері бойынша, жылына екі реттен артық емес айқындалады.

6. Реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен бақылау субъектілерінің жартыжылдық тізімі бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға негіз болып табылады.

Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімдері бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындалған объектілерді міндетті түрде көрсете отырып, бақылау субъектілеріне қатысты қалыптастырылады.

7. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары субъективті және объективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

## **2-тарау. Объективті өлшемшарттар**

8. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

9. Тәуекелді айқындау жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің едәуір ықтималдығы негізінде объективті өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады.

Жоғары дәрежелі тәуекелге мынадай бақылау субъектілері жатқызылады:

1) табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлердің оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудегі бақылау субъектілері;

2) қала құраушы заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдардың оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудегі бақылау субъектілері;

3) жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлердің оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудегі бақылау субъектілері.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне мынадай бақылау субъектілері жатады:

1) жалпы кредиторлық берешектің 10 (он) пайызынан асатын сомада мүлдіктік массасы бар ұйымдар мен дара кәсіпкерлердің банкроттық рәсімін жүргізетін бақылау субъектілері, бұл ретте мұндай борышкерлердің кредиторлары талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторлық берешектің жалпы сомасы 100 (жүз) миллион теңгеден асады;

2) бірінші кезектегі 10 (оннан) астам кредиторы бар ұйымдар мен дара кәсіпкерлердің оңалту және банкроттық рәсімін жүргізетін бақылау субъектілері;

3) Заңның 69-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктер жүктелген ұйымдар мен дара кәсіпкерлердің оңалту рәсімін жүргізетін бақылау субъектілері.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілері тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылуға тиіс.

### **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

10. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелді бағалау кезеңдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

11. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін анықтау үшін қажет.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері;

2) бақылау субъектісіне бару арқылы жүргізілген алдыңғы жоспардан тыс тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері;

3) бақылау субъектісіне бармай жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері;

4) өтініштер мен шағымдардың болуы;

5) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау;

6) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері пайдаланылады.

12. Талдау және бағалау кезінде нақты бір бақылау субъектісіне қатысты бұрын есепке алынған және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі біткен деректер қолданылмайды.

13. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты әрбір ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар айқындалады, олар тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес - өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сай болады.

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға қосымшада жазылған.

14. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша 0-ден 100-ге дейінгі шәкілмен субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектілері:

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алған кезде;

2) тәуекелдің орташа дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейін қоса алған кезде;

3) тәуекелдің төмен дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0 ден 30-қа дейін қоса алған кезде жатады.

15. Бақылау субъектісіне барумен профилактикалық бақылау осы Өлшемшарттың 16-тармағында көрсетілген талаптарды қоспағанда, белгіленген бұзушылықтардың субъективті өлшемшарттарын талдау және бағалау нәтижелері бойынша оңалту рәсімі мен банкроттық рәсімінде тұрған оның объектілері бойынша нақты бақылау субъектісіне қатысты жүргізіледі.

16. Осы Өлшемшарттарға қосымшаның 33, 39 және 40-тармақтарында көрсетілген өлшемшарттар бойынша бұзушылықтар анықталған кезде бақылау субъектісіне барумен профилактикалық бақылау ол уақытша әкімші, оңалту, уақытша және банкроттықты басқарушы ретінде тағайындалған оның барлық объектілері бойынша нақты бақылау субъектісіне қатысты жүргізіледі.

#### **4-тарау. Тәуекелдерді басқару**

17. "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылатын, олармен өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған бақылау субъектілері ақпараттық жүйені қолдана отырып, жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне ауыстырылады.

#### **5-тарау. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері**

18. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін нақты тәуекел дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

19. Тәуекелдерді бағалау және басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын субъектілер санының ең аз жол берілетін шегі осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының 5 (бес) пайызынан аспауға тиіс.

#### **6-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу**

20. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін мынадай тәуекел дәрежесі көрсеткіштерін есептеу тәртібі қолданылады:

1) 1 (бір) өрескел бұзушылық болған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне барып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылық болмаған кезде, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау елеулі және болмашы дәрежедегі талаптардың жиынтық көрсеткішімен (индикаторы) есептеледі;

2) елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7, \text{ мұнда:}$$

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтардың қажетті саны;

$SP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

3) болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3, \text{ мұнда:}$$

$SP_n$  – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_1$  – болмашы бұзушылықтардың қажетті саны;

$SP_2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ( $SP$ ) 0-ден 100-ге дейінгі шәкілмен есептеледі және елеулі және болмашы бұзушылықтар көрсеткіштерін жинақтау жолымен мына формулаға сәйкес айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n,$$

мұнда:

$SP$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;



SPH – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

Оңалту және банкроттық саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына қосымша

**Тәуекелдер дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары**

| №  | Өлшемшарттар   | Бұзушылық дәрежесі |
|--|--|--------------------|
| Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері                              |  |                    |
| 1  | Оңалту жоспарын орындауды қамтамасыз ету (оңалтуды басқарушы үшін)   | Елеулі             |
| 2  | Кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізу (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін )   | Өрескел            |
| 3  | Оңалту рәсімінің немесе банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ағымдағы ақпаратты уәкілетті органға беру (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін )  | Болмашы            |
| 4  | Банкроттың құрылтай құжаттарын , есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқықтық растайтын құжаттарын, мөрлерін ( болған кезде), мортабандарын, материалдық және банкротқа тиесілі өзге де құндылықтарын уақытша, оңалтуды басқарушыдан немесе алғы банкроттықты басқарушыдан оны тағайындау күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктермей қабылдау ( оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін) | Елеулі             |
| 5  | Борышкердің мүлкін күзету мен бақылауды қамтамасыз ету ( оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін)   | Елеулі             |
| 6  | Кредиторлар комитетінің шешімі бойынша әкімшілік шығыстарды төлеу (банкроттықты басқарушы үшін)  | Өрескел            |
| Бақылау субъектісіне барып жасалған алдыңғы жоспардан тыс тексерулер және профилактикалық бақылау нәтижелері |  |                    |
| 7  | Борышкердің мүлкін басқаруға қабылдау және оны күзету мен  | Елеулі             |

|    |  |         |
|----|--|---------|
|    | бақылауды қамтамасыз ету (оңалтуды басқарушы үшін)   |         |
| 8  | Кредиторлар жиналысының өткізілу күні, уақыты және жері туралы кредиторларға хабарлау (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін)   | Елеулі  |
| 9  | Кредиторлар комитеті отырысының өткізілуі туралы кредиторларға хабарлау (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін)   | Елеулі  |
| 10 | Кредиторлар комитеті отырысының хаттамасын қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға, кредиторлар комитетінің мүшелеріне жолдау (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін) | Елеулі  |
| 11 | Оңалту жоспарын орындауды қамтамасыз ету (оңалтуды басқарушы үшін)   | Елеулі  |
| 12 | Кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізу (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін)  | Өрескел |
| 13 | Кредиторлар талаптарын қанағаттандыру кезінде кезекті сақтау (оңалтуды басқарушы үшін)   | Өрескел |
| 14 | Кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мәмілелерді кредиторлар жиналысымен келісу (оңалтуды басқарушы үшін)   | Елеулі  |
| 15 | Борышкер шығыстарының, оның ішінде борышкер жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеуге арналған шығыстарының ұлғаюына әкеп соқтыратын шешімді кредиторлар жиналысымен келісу (оңалтуды басқарушы үшін)            | Елеулі  |
| 16 | Оңалту жоспарын орындау барысында борышкердің мүлкін сату бойынша электрондық аукционды өткізу тәртібін сақтау (оңалтуды басқарушы үшін)   | Елеулі  |
|    | Оңалту рәсімінің немесе банкроттық рәсімінің жүзеге  |         |

|    |  |         |
|----|--|---------|
| 17 | асырылу барысы туралы ағымдағы ақпаратты уәкілетті органға беру (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін )  | Болмашы |
| 18 | Әр айдың 15 (он бесіне) дейін борышкердің қаржылық жағдайы, алдыңғы айда жасалған мәмілелер туралы ақпаратты кредиторлар комитеті мүшелерінің назарына жеткізу (оңалтуды басқарушы үшін)   | Елеулі  |
| 19 | Банкроттың құрылтай құжаттарын , есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқықтық растайтын құжаттарын, мөрлерін ( болған кезде), мөртабандарын, материалдық және банкротқа тиесілі өзге де құндылықтарын уақытша басқарушыдан оны тағайындау күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктермей қабылдау (банкроттықты басқарушы үшін) | Елеулі  |
| 20 | Мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан банкрот, оған тиесілі (тиесілі болған) мүлік туралы ақпаратты және растайтын құжаттардың көшірмелерін, егер бұл ақпарат оған уақытша басқарушымен берілмесе, оны тағайындау күнінен бастап 7 (жеті ) жұмыс күнінен кешіктермей талап ету (банкроттықты басқарушы үшін)              | Елеулі  |
| 21 | Уәкілетті органнан банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар тұлғаның банктік шоттарының болуы және нөмірлері, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары және қозғалысы туралы ақпарат сұрату, оны тағайындау күнінен бастап 7 ( жеті) жұмыс күнінен кешіктермей (банкроттықты басқарушы үшін)                                   | Елеулі  |
| 22 | Борышкердің мүлкін күзету мен бақылауды қамтамасыз ету ( банкроттықты басқарушы үшін)  | Елеулі  |
| 23 | Кредиторлар комитетімен банкроттық рәсімін жүргізу бойынша келімшартты оны тағайындау күнінен 10 (он) жұмыс  | Елеулі  |

|   |   |         |
|---|---|---------|
|   | күні ішінде жасау (банкроттықты басқарушы үшін)   |         |
| 24  | Банкроттың мүлкін сатуды сату жоспарына сәйкес жүзеге асыру (банкроттықты басқарушы үшін)   | Өрескел |
| 25  | Борышкердің пайдасына ақша түскеннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыру (банкроттықты басқарушы үшін)                             | Елеулі  |
| 26  | Кезектілікті сақтай отырып, кредиторлармен есеп айырысуды кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру (банкроттықты басқарушы үшін)  | Өрескел |
| 27  | Есептік ай үшін төленуге жататын әкімшілік шығыстар сомасын көрсетумен жұмыс нәтижелері жөніндегі ай сайынғы есепті кредиторлар комитетіне ұсыну (банкроттықты басқарушы үшін)    | Елеулі  |
| 28  | Кредиторлар комитетінің шешімі бойынша әкімшілік шығыстарды төлеу (банкроттықты басқарушы үшін)   | Өрескел |
| Бақылау субъектісіне бармай жасалған профилактикалық бақылау нәтижелері |   |         |
| 29  | Оңалту рәсімі тоқтатылған, сондай-ақ таратылған борышкерлер бойынша жойылуы мүмкін емес Заң нормаларын бұзушылықтың болуы (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін)          | Өрескел |
| 30  | Банкроттық рәсімі немесе оңалту рәсімі қолданылып жатқан борышкерлер бойынша жойылуы мүмкін емес Заң нормаларын бұзушылықтың болуы (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін) | Өрескел |
| 31  | Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жоймау   | Өрескел |
| Өтініштер мен шағымдардың болуы   |   |         |
| 32  | Бұзушылық фактілері расталған 2 (екі) және одан да көп жеке және (немесе) заңды тұлғалардың   | Өрескел |

|   |   |         |
|---|---|---------|
|   | шағымдарының болуы (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін)   |         |
| Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау |   |         |
| 33  | Кредиторды кредиторлар жиналысы отырысының өтетін күні, уақыты мен орны туралы хабардар етпеу не тиісінше хабардар етпеу (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін)   | Елеулі  |
| 34  | Борышкердің мүлкін сату бойынша электрондық аукционды өткізу тәртібін сақтамау (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін)   | Елеулі  |
| Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері                |   |         |
| 35  | Бақылау субъектісіне қатысты басталған экономикалық қызмет саласындағы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеудің не мерзімі бұзылған сотқа дейінгі тергеудің болуы (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін) | Өрескел |
| 36  | 2 (екі) және одан да көп бақылау субъектісінің әрекетінің/әрекетсіздігінің заңсыздығын растайтын заңды күшіне енген сот актілерінің (оның ішінде жеке ұйғарымдардың) болуы не оның әрекетінің/әрекетсіздігінің нәтижелері бойынша кредиторлар мен борышкердің мүдделеріне залал келтіру (оңалтуды және банкроттықты басқарушылар үшін)            | Өрескел |

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2022 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 139 мен  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрінің  
міндетін атқарушы  
2022 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1342 Бірлескен бұйрыққа  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы 11 мамырдағы  
№ 469 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2020 жылғы 11 мамырдағы  
№ 38 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша

**Оңалту туралы істі сотта қарау кезеңінде уақытша әкімшіге қатысты Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы**

Тексеруді/бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау

туралы акт \_\_\_\_\_

№, күні) \_\_\_\_\_

Уақытша әкімшінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта

көрсетілсе) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_

Уақытша әкімшінің жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Бақылау объектісінің атауы \_\_\_\_\_

Бақылау объектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

| № | Талаптар тізбесі  | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|--------------------------|----------------------------|
| 1 | 2   | 3                        | 4                          |
| 1 | Оңалту туралы іс қозғалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға оңалту туралы іс қозғау туралы хабарландыруды жіберу және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін кредиторлар талаптарын |                          |                            |

|   |  |  |  |
|---|--|--|--|
|   | мәлімдеу тәртібін қазақ және орыс тілдерінде жолдау  |  |  |
| 2 | Борышкердің қаржылық тұрақтылығы туралы қорытындыны жасау мақсатында бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік құжаттарының негізінде борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметті жинауды жүзеге асыру         |  |  |
| 3 | Борышкердің қаржылық тұрақтылығы туралы қорытындыны жасау  |  |  |
| 4 | Борышкердің қаржылық тұрақтылығы туралы қорытындыны сотқа үлгілік нысанға сәйкес ұсыну   |  |  |
| 5 | Кредиторлар талаптары мәлімделген кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды қарау және танылған талаптарды тізілімге енгізу   |  |  |
| 6 | Кредитордың талаптарын қарау нәтижелері туралы (толық көлемде немесе бір бөлігінде тану немесе танымау туралы) шешім қабылдаған күннен кейінгі күні оны жазбаша (танымау себептерін көрсете отырып) хабардар ету |  |  |
| 7 | Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру  |  |  |
| 8 | Тағайындалған күннен бастап 2 (екі) айдан аспайтын мерзімде кредиторлар талаптарының тізілімін, сондай-ақ талаптары танылмаған кредиторлардың тізбесін қалыптастыру және уәкілетті органның интернет-ресурсында  |  |  |

|    |   |  |  |
|----|---|--|--|
|    | орналастыру үшін оны уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде жолдау  |  |  |
| 9  | Кредиторлардың алғашқы жиналысының өткізілу орны мен күні туралы барлық кредиторларға хабарлау  |  |  |
| 10 | Кредиторлардың алғашқы жиналысын ұйымдастыру және өткізу  |  |  |
| 11 | Кредиторлардың алғашқы жиналысымен борышкерді басқару бойынша өкілеттікті оңалтуды басқарушыға жүктеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға кредиторлардың алғашқы жиналысы хаттамасын ұсыну |  |  |
| 12 | Мәмілелер анықталған жағдайда, мұндай мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгіну, оның ішінде мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша жүгіну   |  |  |

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы (лары):

\_\_\_\_\_ (лауазымы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

Тексеру парағын қабылдау туралы белгі

Уақытша әкімші:

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Күні 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ "

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2022 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 139 мен  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрінің



міндетін атқарушы  
2022 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1342 Бірлескен бұйрыққа  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы 11 мамырдағы  
№ 469 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2020 жылғы 11 мамырдағы  
№ 38 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

**Оңалту рәсімін жүргізу кезеңінде оңалтуды басқарушыға (оңалтуды басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыратын тұлға) қатысты Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы**

Тексеруді/бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау

туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні) \_\_\_\_\_

Оңалтуды басқарушының (оңалтуды басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыратын адамның) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_

